

Қазақстан Республикасының прокуратура органдарында қызмет өткеру туралы ережені және Қазақстан Республикасының прокуратура органдары қызметкерлерінің антын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің 2008 жылғы 20 мамырдағы N 595 Жарлығы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 20 қазандағы № 166 Жарлығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Президентінің 2011.10.20 № 166 Жарлығымен.

Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметі актілерінің жинағында жариялануға тиіс

"Прокуратура туралы" 1995 жылғы 21 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 48-бабының 11-тармағына сәйкес **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН** :

1. Қоса беріліп отырған:

- 1) Қазақстан Республикасының прокуратура органдарында қызмет өткеру туралы ереже (1-қосымша);
- 2) Қазақстан Республикасының прокуратура органдары қызметкерлерінің анты (2-қосымша) бекітілсін.

2. Осы Жарлықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне жүктелсін.

3. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаев

1-ҚОСЫМША

Қазақстан Республикасы Президентінің 2008 жылғы 20 мамырдағы N 595 Жарлығымен БЕКІТІЛГЕН

Қазақстан Республикасының прокуратура органдарында қызмет өткеру туралы ЕРЕЖЕ

Осы Ереже прокуратура органдарында прокурор лауазымына аттестациядан өткен адамдардың, прокуратураның тікелей ғылыми-зерттеу не оқытушылық жұмыс жүргізетін ғылыми ұйымдары мен білім беретін ұйымдарының аттестациядан өткен қызметкерлерінің (бұдан әрі - прокуратура органдарының қызметкерлері) қызмет өткеру тәртібін айқындайды.

Прокуратура органдарындағы қызмет мемлекеттік қызметтің арнайы түрі болып табылады. Прокуратура органдарындағы қызметтің құқықтық негізін Қазақстан Республикасының Конституциясы, " Прокуратура туралы " Қазақстан Республикасының Заңы, Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілері, осы Ереже, Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік құқықтық актілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Бас прокурорының (бұдан әрі - Бас прокурор) бұйрықтары құрайды.

1-тарау. Прокуратура органдарына қабылдау тәртібі

1. Прокуратура органдары қызметкерлерінің лауазымына денсаулығының жағдайы бойынша прокуратура органдарында қызмет атқаруға жарамды жоғары білімі бар Қазақстан Республикасының азаматтары қабылданады.

Жоғары заң білімі бар, қажетті моральдық және іскерлік сипатқа не денсаулығының жағдайы бойынша прокуратура органдарында қызмет өткеруге жарамды, міндетті арнайы тексерулерден өткен азаматтар прокурор болып тағайындала алады. Оларды лауазымға тағайындау кезінде сынақ мерзімі тағайындалуы мүмкін.

Азаматтың денсаулық жағдайы бойынша прокуратура органдарында қызмет өткеруге жарамдылығын әскери-дәрігерлік комиссия растайды, одан өту тәртібін уәкілетті органдар айқындайды.

Прокуратура органдарына қызметке түсу кезінде азамат тұрғылықты жері бойынша салық қызметі органдарынан өзінің және зайыбының (жұбайының) кірістері мен салық салынатын объектілері болып табылатын мүліктері туралы декларация тапсырғаны жөнінде мәлімет ұсынады.

Көрсетілген мәліметтерді ұсынбау немесе бұрмалау прокуратура органдарына қызметке қабылдаудан бас тартуға негіз болып табылады.

Прокуратура органдарына қызметке алу мемлекеттік қызметшілер кадрлары туралы республикалық деректер орталығына алдын ала сұрау салынған жағдайда жүзеге асырылады.

Бас прокуратураға - Бас прокурордың, Бас әскери прокуратураға, облыстық және оларға теңестірілген прокуратураларға, прокуратураның ғылыми ұйымдары

мен білім беру ұйымдарына қызметке қабылдау, лауазымға Бас прокурор тағайындаған адамдардан басқа, олардың басшыларының бұйрықтарымен жүзеге асырылады.

2. Әскери прокуратура органдарына қызмет өткеру тәртібі " Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы ", " Әскери қызметшілер мен олардың отбасы мүшелерінің мәртебесі және оларды әлеуметтік қорғау туралы ", " Прокуратура туралы " Қазақстан Республикасының заңдарымен, өзге де нормативтік құқықтық актілермен және осы Ережемен айқындалады.

Әскери прокуратура органдарына әскери қызметке жарамдылығын Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарында Әскери-дәрігерлік сараптама жүргізу ережесімен айқындалатын тәртіпте әскери-дәрігерлік комиссиялар растауы қажет.

3. Прокуратура органдарына лауазымға алғаш рет тағайындалған адам ант қабылдайды, оны Қазақстан Республикасының Президенті бекітеді.

Ант Бас прокурор айқындайтын тәртіпте, салтанатты түрде қабылданады.

4. Облыс прокурорлары мен оларға теңестірілген прокурорлардың (бұдан әрі - облыстар прокурорлары), қалалық, аудандық және оларға теңестірілген прокурорлардың (бұдан әрі - аудандар және қалалар прокурорлары) лауазымдарына жасы 25-тен кем емес, прокуратура органдарында кемінде үш жыл еңбек өтілі бар адамдар тағайындалады.

Облыстар, аудандар, қалалар прокурорларын Бас прокурор бес жыл мерзімге тағайындайды. Облыстар прокурорлары лауазымына тағайындауды Қазақстан Республикасы Президентінің келісімімен Бас прокурор жүргізеді.

Аудандар және қалалар прокурорларының бес жылдық мерзімі өкілеттіктерінің аяқталуына дейін кемінде бір ай бұрын жоғары тұрған прокурор Бас прокурорға аудан немесе қала прокурорын жаңа мерзімге немесе оны басқа лауазымға ауыстыру туралы ұсыныс енгізеді.

Облыстар прокурорларын жаңа мерзімге тағайындауды Қазақстан Республикасы Президентінің келісімімен Бас прокурор жүзеге асырады.

5. Прокуратура органдарына қызметке мынадай адамдар қабылданбайды:

1) белгіленген тәртіпте сот әрекетке қабілетсіз немесе әрекетке қабілеттілігі шектеулі деп танылған; V074796

2) әскери-дәрігерлік комиссияның қорытындысына сәйкес денсаулығының жағдайы бойынша қызмет өткеруге жарамсыз деп танылған;

3) өз мәртебесін және өзіне негізделген беделді жеке, топпен немесе қызметтен тыс мүдделерде пайдалануға әкеп соғуы мүмкін әрекеттерге жол бермеу мақсатында өзіне заңдармен белгіленген шектеулерден бас тартқан;

4) жұмыстан босату түріндегі тәртіптік жазаны қоспағанда, прокуратура органына қызметке түскенге дейін үш жыл ішінде сыбайлас жемқорлықпен құқық бұзушылық жасағаны үшін тәртіптік жауапкершілікке тартылған;

5) прокуратура органына қызметке түскенге дейін бір жыл ішінде қасақана құқық бұзушылық жасағаны үшін сот тәртібімен әкімшілік жаза қолданылған;

6) прокуратура органына қызметке түскенге дейін үш жыл ішінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасағаны үшін сот тәртібімен әкімшілік жаза қолданылған;

6-1) сыбайлас жемқорлық қылмыс жасаған;

7) сыбайлас жемқорлық қылмыс жасағаны үшін жұмыстан босатылған;
V042741

8) бұрын сотталған немесе қылмыстық жауапкершіліктен ақталмайтын негіздер бойынша босатылған ;

9) мемлекеттік қызметтен, құқық қорғау органдарынан, соттардан және әділет органдарынан жағымсыз себептермен жұмыстан босатылған.

Прокуратура органдарына тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дініне қатыстылығына, сеніміне, тұратын жеріне немесе кез келген өзге де жағдайлар бойынша деген желеумен қызметке қабылдаудан бас тартуға тыйым салынады.

Прокуратура органдарына қызметке қабылдаудан бас тартқанда жоғары тұрған прокурорға не сотқа шағымдануға болады.

Ескерту. 5-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Президентінің 2010.09.12 N 1061 Жарлығымен.

6. Прокуратура органдарының қызметкерлері:
өкілетті органдардың депутаты және жергілікті өзін-өзі басқару органдарының мүшесі болуға;

партияларға, кәсіптік одақтарға мүше болуға, қандай да болмасын саяси партияны қолдау мақсатында сөз сөйлеуге;

педагогикалық, ғылыми және өзге де шығармашылық қызметтен басқа, өзге ақылы қызметпен айналысуға;

кәсіпкерлік қызметпен айналысуға, соның ішінде, егер коммерциялық ұйымдарды басқаруға тікелей қатысу Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзінің лауазымдық міндеттеріне жатпаса, коммерциялық ұйымдардың ұйымдық-құқықтық нысанына қарамастан, оны басқаруға қатысуға;

Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, өзінің жақын туыстары (ата-анасы, балалары, бала асырап алушылары, асырап алған балалары, ата-анасы бір болған немесе ата-анасы бөлек болған аға-інілері мен апа-сіңлілері, аталары, әжелері, немерелері) немесе ері (жұбайы) атқаратын лауазымдарға тікелей бағынысты

лауазымдарды

атқаруға;

өзі қызметте тұрған, не өзіне тікелей бағынышты немесе бақылауындағы мемлекеттік органда үшінші тұлғалардың істері бойынша өкіл болуға;

өзінің қызметтік әрекетін материалдық-техникалық, қаржылық және ақпараттық қамтамасыз ететін құралдарды, басқа да мемлекеттік мүлікті және қызметтік ақпаратты қызметтік мақсаттан тыс пайдалануға;

ереуілдерді қоса алғанда, мемлекеттік органдардың қалыпты қызмет етуіне және қызметтік міндеттерін атқаруға кедергі жасайтын әрекеттерге қатысуға;

лауазымдық өкілеттіктерін атқаруға байланысты жеке басының мақсатында азаматтар мен заңды тұлғалардың қызмет көрсетулерін пайдалануға құқылы емес

7. Прокуратура органдарының қызметкерлеріне белгіленген үлгіде қызметтік куәлік беріледі.

Қызметтік куәлікте тегі, аты, әкесінің аты, лауазымы, сыныптық шені немесе әскери атағы, мемлекеттік құпияларға рұқсат нөмірі мен түрі, қызметтік қаруды алып жүру құқығы туралы белгілер көрсетіледі.

Қызметтік куәлікке прокуратура органы қызметкерінің фотосуреті желімдеп жапсырылады. Қызметтік куәліктегі мәліметтер уәкілетті лауазымды тұлғаның қол қоюымен және прокуратураның Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бар мөрімен бекітіледі.

Бас прокурорға, оның орынбасарларына белгіленген үлгідегі куәліктерді Қазақстан Республикасының Президенті береді.

Бас прокурор, облыстар прокурорлары белгіленген үлгідегі қызметтік куәліктерді өздерінің бағынысты қызметкерлеріне береді.

2-тарау. Прокуратура органдарында қызмет өткеру

8. Прокуратура органдарының қызметкерлері өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына, "Прокуратура туралы" Заңға, өзге де Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерге, осы Ережеге, басқа да Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерге, Бас прокурордың бұйрықтарына, өкімдеріне, нұсқауларына сәйкес жүзеге асырады.

9. Прокуратура органдарының қызметкерлері аттестацияны үш жылда бір рет тапсырады. Аттестациядан өткізу тәртібі мен шарттары Бас Прокурормен анықталады.

10. Прокуратура органдарының қызметкерлері қызметтік қару-жарақтар мен оқ-дәрілерді алуға, алып жүруге және сақтауға құқылы.

Прокуратура органдарының қызметкерлерінің қару-жарақ пен оқ-дәрілерді алу, сақтау және алып жүру және тасымалдау тәртібін Бас прокурор анықтайды.

Прокуратура органдарының қызметкерлері қаруды қолданудың барлық жағдайында азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, жәбірленушілерге кейінге қалдырылмайтын жедел медициналық жәрдем көрсету үшін қажетті шаралар қолдануға және жоғары тұрған прокурорға хабарлауға міндетті.

Қаруды қолданудың немесе оны жоғалтудың фактілері бойынша қызметтік тергеу жүргізіледі.

11. Прокуратура органдарында Бас прокурор айқындайтын тәртіпте жоғары лауазымға ілгерілету үшін кадрлар резерві қалыптастырылады.

12. Прокуратура органдары қызметкерлерін қызметі бойынша ауыстыру мынадай тәртіппен жүргізіледі:

1) жоғары лауазымға - қызметі бойынша жоғарылату тәртібімен;

2) дәрежесі тең лауазымға - олардың келісімімен қажетті жағдайда басқа лауазымдардың орнын басу не іскерлік және жеке басының қасиеттерін мақсатқа неғұрлым лайықты пайдалану қажеттілігі; отбасы жағдайларына немесе денсаулығының жағдайына, сондай-ақ бұрынғы лауазымы бойынша өкілеттіктері мерзімінің аяқталуына байланысты;

3) төменгі лауазымдарға - құрылымдық бөлімшенің тікелей басшысының не тиісті прокурордың ұсынысы бойынша:

әскери-дәрігерлік комиссияның қорытындысы негізінде денсаулығының жағдайы бойынша;

аттестациялау комиссиясының шешімі негізінде қызметке сәйкессіздігі бойынша;

жеке өтініші бойынша;

ұйымдық-штаттық іс-шаралардың жүргізілуіне байланысты олардың келісімімен тең дәрежелі лауазымға ауыстыру мүмкіндігі болмаған жағдайда.

Прокуратура органдарының қызметкері басқа лауазымға ауысудан бас тартқан жағдайда, ол Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жұмыстан босатылуға жатады.

Ұсынылған лауазымды атқарудан бас тарту прокуратура қызметкерінің өтінішімен ресімделеді. Прокуратура органдары қызметкерінің өтініш жазудан бас тартуы прокуратура кадрлық қызметінің жасаған актісімен ресімделеді.

13. Прокуратура органдары қызметкері атқаратын лауазымынан босатылған жағдайда, соңғы лауазымы бойынша лауазымдық жалақысы сақтала отырып, оны басқа лауазымға тағайындау туралы мәселе шешілгенге дейін, кемінде екі айдан аспайтын мерзімге, Бас прокурордың, облыс прокурорының өкімімен қызметте қала алады.

Прокуратура органдары қызметкері ұсынылған лауазымнан бас тартқан жағдайда ол Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жұмыстан босатылуға жатады.

14. Прокуратура органдарының қызметкерлері Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен прокуратура органдарының кадрларында қалдырыла отырып, мемлекеттік органдарға іссапарға жіберілуі мүмкін.

15. Прокуратура органдары қызметкерлерінің кәсіби дайындығының жоғарғы деңгейін қамтамасыз ету мақсатында үздіксіз оқыту және біліктілігін арттыру жүйесі, соның ішінде халықаралық ынтымақтастық шегінде жұмыс істейді.

Біліктілігін арттыру прокуратура органдары қызметкерлерінің қызметтік міндеті болып табылады. Прокуратура органдары қызметкерінің атқарып жүрген лауазымына сәйкестігі туралы, оны көтермелеу және қызметі бойынша жоғарылату туралы мәселелерді шешу кезінде оның оқуға деген көзқарасы мен кәсіби тәжірибесінің деңгейі есепке алынады.

16. Қызметтік міндеттерін тиісінше орындамау не құқық бұзушылық жасау Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген жауапкершілікке әкеп соғады. Тәртіптік жазалар прокуратура органдары қызметкерінің істеген теріс қылығының ауырлығын, оны жасау кезіндегі мән-жайларды, сондай-ақ бұрынғы тәртібі мен қызметіне қатынасы ескеріле отырып қолданылады.

17. Жүктелген міндеттерді тиісінше атқармағаны, лауазымдық өкілеттіктерін асыра пайдаланғаны, Прокурорлық этика кодексін бұзғаны, сондай-ақ прокуратура органдарында қызметте болуына қатысты белгіленген шектеулерді сақтамағаны үшін прокуратура органдарының қызметкерлеріне мынадай тәртіптік жазалар қолданылуы мүмкін:

- 1) ескерту;
- 2) сөгіс;
- 3) қатаң сөгіс;
- 4) қызметіне толық сәйкес келмейтіні туралы ескерту;
- 5) дәрежелік шенін немесе әскери атағын төмендету;
- 6) атқарып отырған лауазымынан босату;

7) сыныптық шені мен әскери атағынан айырумен қатар прокуратура органдарынан шығару;

"Прокуратураның құрметті қызметкері" атағы берілген прокуратура органдарының қызметкері Бас прокурордың келісуімен ғана прокуратура органдарынан шығарылуы мүмкін.

18. Қазақстан Республикасының Президенті тағайындаған лауазымдық тұлғаларды қоспағанда, Бас прокурор прокуратура органдарының барлық қызметкерлеріне тәртіптік жазаны толық көлемде қолдануға құқылы.

Сыныптық шені мен әскери атағын төмендетуді және сыныптық шені мен

әскери атағынан айырумен қатар прокуратура органдарынан шығаруды қоспағанда, облыс прокурорлары бағынысты адамдарға тәртіптік жазаны толық көлемде қолдануға құқылы.

19. Тәртіптік жаза теріс қылық анықталған күннен бастап бір айдан кешіктірілмей қолданылады және теріс қылық жасалған күннен алты ай өткен соң, егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде өзгеше белгіленбесе, жаза қолданыла алмайды.

20. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар немесе сыбайлас жемқорлыққа жағдай туғызатын құқық бұзушылықтар жасағаны үшін тәртіптік жаза теріс қылық анықталған күннен бастап үш айдан кешіктірілмей қолданылады және жаза теріс қылық жасалған күннен бастап бір жылдан кешіктіріп қолданыла алмайды.

Қылмыстық іс қозғаудан бас тартқан не қылмыстық істі қысқартқан жағдайда, бірақ адамның әрекеттерінде сыбайлас жемқорлықпен тәртіптік теріс қылық белгілері болған кезде, тәртіптік жаза қылмыстық іс қозғаудан бас тарту не оны қысқарту туралы шешім қабылданған күннен бастап үш айдан кешіктірілмей қолданыла алады.

21. Егер жасалған теріс қылықтың ауырлық дәрежесі бойынша тәртіптік жазаны қолдану қажеттігі облыстық прокурорларға берілген өкілеттіктердің шегінен шығатын болса, ол Бас прокурорға тиісті ұсыныс енгізеді.

22. Мемлекеттік қызметші өзін тәртіптік жауапкершілікке тартуға байланысты барлық материалдармен таныстырылуға міндетті.

23. Тәртіптік жаза қолдану туралы бұйрық Бас прокурорға немесе сотқа шағымданыла алады.

Лауазымын, сыныптық шенін (әскери атағын) қалпына келтіру үшін Бас прокурор немесе оның орынбасары бекіткен қызметтік тергеудің нәтижелері бойынша қорытынды немесе лауазымын, сыныптық шенін (әскери атағын) қалпына келтіру туралы соттың заңды күшіне енген шешімі негіз болып табылады.

24. Прокурор жасаған әкімшілік құқық бұзушылық фактісі туралы хабарды кез келген тексеру прокуратура органдары өкілдерінің қатысуымен жүзеге асырылады.

Қызметтік міндеттерін атқару кезінде, заңда көзделген жағдайларды қоспағанда, прокурорды әкімшілік жолмен ұстауға, жеке басын тексеріп қарауға, оның заттары мен пайдалануындағы көлігін тексеріп қарауға жол берілмейді.

25. Өзіне қатысты қылмыстық іс қозғалған прокуратура органдары қызметкері Қазақстан Республикасының қылмыстық іс жүргізу заңнамасында белгіленген тәртіпте лауазымынан босатылуы мүмкін.

Қылмыстық іс жүргізу заңнамасында белгіленген тәртіпте лауазымынан

босатылған прокуратура органының қызметкеріне еңбекақы төленбейді.

Ақтау негіздері бойынша ақтау үкімдері шығарылған, қылмыстық қудалау тоқтатылған жағдайда қызметкерге Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметте болмауға мәжбүр болған уақыты үшін еңбекақы төленеді.

26. Прокуратура органдары қызметкері жаза алынғаннан кейін немесе жаза қолданылған күннен бастап алты ай өткен соң, егер көрсетілген мерзім ішінде ол жаңа теріс қылық жасамаса, жазасы жоқ деп есептелінеді.

Егер қызметкер жаңа теріс қылық жасамаса және бұл кезде өзінің қызметтік міндеттерін адал атқарса, жаза мерзімінен бұрын алынып тасталуы мүмкін.

Қазақстан Республикасының Президенті тағайындайтын қызметкерлерден басқа, жазаны мерзімінен бұрын алуды Бас прокурор кез-келген қызметкерге қатысты, облыс прокуроры өзі тәртіптік жазаға тартқан қызметкерлерге қатысты жеке бастамасы немесе жаза қолданылған қызметкер басшысының қолдауы бойынша жүргізеді.

27. Қызметтік міндеттерін үлгілі атқарғаны, мінсіз қызметі, аса маңызды әрі күрделі тапсырмаларды орындағаны үшін және жұмыстағы өзге де жетістіктері үшін қызметкерлерге мынадай көтермелеулер тағайындалуы мүмкін:

- 1) тәртіптік жазаны мерзімінен бұрын алу;
- 2) алғыс жариялау;
- 3) қосымша ақшалай төлемақы беру;
- 4) бағалы сыйлықпен марапаттау;
- 5) осы Ереженің 35-тармағында көзделген негіздер мен тәртіп бойынша сыныптық шенін немесе әскери атағын жоғарылату;
- 6) 1 немесе 2-дәрежелі "Прокуратура озаты" кеуде белгілерімен марапаттау;
- 7) Бас прокурордың Құрмет грамотасымен марапаттау;
- 8) "Прокуратураның құрметті қызметкері" атағын беру. "Прокуратураның құрметті қызметкері" атағын беру, Бас прокурордың Құрметті грамотасымен және 1 және 2-дәрежелі "Прокуратура озаты" кеуде белгілерімен марапаттау тәртібін Бас прокурор айқындайды.

Ерекше сіңірген еңбегі үшін прокуратура органдарының қызметкерлері Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградаларымен және құрметті атақтарымен марапатталуға ұсынылуы мүмкін.

28. Прокуратура органдары қызметкерлерінің еңбек қатынастары Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасымен, Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет туралы заңнамасымен реттеледі.

3-тарау. Сыныптық шендер, әскери атақтар

29. Прокуратура органдары қызметкерлерінің сыныптық шендері мен әскери атақтары жоғары, аға және кіші құрамдарға бөлінеді.

Жоғары құрамға: 3, 2 және 1-сыныпты мемлекеттік әділет кеңесшісі, жоғары сыныпты мемлекеттік әділет кеңесшісі дәрежелік шендері жатады.

Аға құрамға: кіші әділет кеңесшісі, әділет кеңесшісі, аға әділет кеңесшісі
сыныптық шендері жатады.

Кіші құрамға: 3, 2 және 1-сыныпты заңгер сыныптық шендері жатады.

30. Атқаратын лауазымына, біліктілігіне, арнайы қызметтегі өтіліне және бұрынғы сыныптық шеніндегі еңбек сіңірген жылдарына сәйкес прокуратура органдарының қызметкерлеріне мынадай сыныптық шендер беріледі:

жоғары сыныптық мемлекеттік Бас прокурор; әділет кеңесшісі:

1-сыныпты мемлекеттік әділет Бас прокурордың бірінші орынбасары;
кеңесшісі:

2-сыныпты мемлекеттік әділет Бас прокурордың орынбасарлары;
кеңесшісі:

3-сыныпты мемлекеттік әділет облыстар прокурорлары, прокуратура кеңесшісі:

органдарының алдына қойылған негізгі міндеттер мен функцияларды тікелей орындайтын Бас прокуратура департаменттерінің бастықтары;

аға әділет кеңесшісі:

3-сыныпты мемлекеттік әділет кеңесшісі атағы берілуі мүмкін адамдардан басқа, Бас прокуратураның департаменттері бастықтары, департамент басшыларының орынбасарлары, Бас прокуратураның дербес басқармаларының бастықтары, Бас прокуратураның ғылыми-зерттеу немесе оқытушылық жұмысын тікелей жүргізетін прокуратураның ғылыми ұйымдарының және білім беру ұйымдарының басшылары мен орынбасарлары,

Бас прокуратура басқармаларының бастықтары және оларға теңестірілген қызметкерлер, Бас прокуратураның дербес бөлімдерінің бастықтары,

Бас прокурордың аға көмекшілері
және кеңесшілері,
Бас прокурордың тергеу топтарына
жетекшілік ететін көмекшілері,
облыстар прокурорларының
орынбасарлары және оларға
теңестірілген қызметкерлер,
ірі қалалар мен аудандардың
прокурорлары, базалық

прокуратуралардың прокурорлары;*

әділет кеңесшісі:

Бас прокурордың көмекшілері,
Бас прокуратура басқармалары
бастықтарының орынбасарлары,
Бас прокуратура департаменттерінің
құрамына кіретін бөлім бастықтары,
Бас прокуратураның ғылыми-зерттеу
немесе оқытушылық жұмысын тікелей
жүргізетін прокуратураның ғылыми
ұйымдарының және білім беру
ұйымдарының кафедра меңгерушілері
және бөлім бастықтары,
Бас прокуратураның басқармалары мен
бөлімдерінің аға прокурорлары мен
прокурорлары, қалалар, аудандар
прокурорлары, ірі қалалар мен
аудандар прокурорларының
орынбасарлары, базалық
прокуратуралар прокурорларының
орынбасарлары, басқарма бастықтары,
олардың орынбасарлары, облыстар
прокуратураларының дербес
бөлімдерінің бастықтары, облыстар
прокурорларының аға көмекшілері
және оларға теңестірілген

қызметкерлер;

кіші әділет кеңесшісі:

облыстар прокуратуралары
басқармаларының құрамындағы бөлім
бастықтары, облыстар
прокурорларының көмекшілері және

оларға теңестірілген қызметкерлер,
қалалар және аудандар
прокурорларының орынбасарлары,
облыстар прокуратураларының
басқармалары мен бөлімдерінің аға
прокурорлары, прокурорлары,
Бас прокуратураның ғылыми-зерттеу
немесе оқытушылық жұмысын тікелей
жүргізетін прокуратураның ғылыми
ұйымдарының және білім беру
ұйымдарының кафедраларының аға
оқытушылары, оқытушылары,
бөлімдерінің аға ғылыми
қызметкерлері, ғылыми

қызметкерлері;

1, 2, 3-сыныпты заңгер: облыстар прокуратураларының
басқармалары мен бөлімдерінің
прокурорлары, қалалық (аудандық)
прокуратуралардың бөлімдер
б а с т ы қ т а р ы ,
қалалар, аудандар прокурорларының
аға көмекшілері, көмекшілері.

* Ірі қалалардың, аудандардың прокуратураларының және базалық
прокуратуралардың тізбесін Бас прокурор айқындайды.

31. Сыныптық шенде болу мерзімдері:

1) 3-сыныпты заңгер - 2 жыл;

2) 2-сыныпты заңгер - 3 жыл;

3) 1-сыныпты заңгер - 3 жыл;

4) кіші әділет кеңесшісі - 4 жыл;

5) әділет кеңесшісі - 5 жыл.

Аға әділет кеңесшісі мен одан жоғарылардың сыныптық шенде болу
мерзімдері белгіленбейді.

Сыныптық шенде немесе әскери атақта болу мерзімдерінің өтуі осы Ереженің
36-тармағында көзделген жағдайларда тоқтатылады.

Әскери прокуратура органдарында әскери лауазымдардың және оларға сәйкес
әскери атақтардың тізбесін Қазақстан Республикасының Президенті бекітеді .
Әскери атақта болудың мерзімі " Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы
" Қазақстан Республикасының Заңымен айқындалады.

32. Бірінші сыныптық шен мен бірінші әскери атақты Бас прокурор береді. Бірінші сыныптық шен мен бірінші әскери атақ беруге прокуратура органдарының аттестациядан өткен қызметкерлері ұсынылады.

Бас прокуратураның орталық аппаратында қызмет ететін қызметкерлерге сыныптық шендерді Бас прокурор береді.

2 және 1-сыныптық заңгер сыныптық шендерді - облыстардың прокурорлары, ал әділет аға лейтенанты мен әділет капитаны әскери атақтарын Бас әскери прокурор береді.

Кіші әділет кеңесшісі, әділет кеңесшісі, аға әділет кеңесшісі сыныптық шендерін және әділет майоры, әділет подполковнигі, әділет полковнигі әскери атақтарын Бас прокурор береді.

Жоғары дәрежелі мемлекеттік әділет кеңесшісі, 1, 2 және 3-сыныптық мемлекеттік әділет кеңесшісі кластық шендерін, генерал-лейтенант және генерал-әділет майоры әскери атақтарын Қазақстан Республикасының Президенті береді.

33. Белгіленген тәртіппен алынбаған немесе жойылмаған тәртіптік жазалары бар адамдар сыныптық шен немесе әскер атақ алуға ұсынылмайды.

Қызметкерлердің жүктілігі, босануы және бала күтіміне байланысты демалыста болу уақыты кезекті сыныптық шенді беру үшін еңбек сіңірген мерзімге қосылады.

34. Прокуратура органдарына қызметке Қарулы Күштерден, ішкі істер органдарынан, ұлттық қауіпсіздіктен және басқа да құқық қорғау органдарынан алынған адамдарға атқаратын лауазымы, еңбек өтілі және мамандығы бойынша жұмыс тәжірибесі, арнайы атағының бар-жоғы ескеріліп, бұрынғы қызметі бойынша берілген әскери немесе арнайы атақтарына теңестіру арқылы сыныптық шендер немесе әскери атақтар беріледі.

Бұл ретте, кезекті сыныптық шенді немесе әскери атақты беру үшін бұрынғы әскери немесе арнайы атақта болу мерзімі, сондай-ақ атқаратын қызметі бойынша сынақ мерзімі еңбек сіңірген мерзімге есепке алынады.

Одан әрі кезекті сыныптық шенді немесе әскери атақты беру осы Ереженің 30-32-тармақтарына сәйкес жүргізіледі.

35. Қызметтік міндетті үлгілі орындағаны және ерекше сіңірген еңбегі үшін Б а с п р о к у р о р :

қызметкерге бұрынғы сыныптық шенінде (әскери атақта) болу мерзімінің кемінде жарты мерзімі өткеннен кейін, бірақ оның қызмет өткеруі кезінде екі мәртеден артық емес, уақытынан бұрын кезекті сыныптық шен немесе әскери атақ ;

қызметкердің қызмет өткеруі кезінде екі мәртеден артық емес, уақытынан бұрын кезектен тыс сыныптық шен немесе әскери атақ беруге құқылы.

Бас прокурор ерекше жағдайларда, прокуратура органдарында ұзақ жылдар бойы әрі мінсіз қызмет атқарғаны үшін және заңдылық пен құқықтық тәртіпті нығайтуда елеулі еңбек сіңіргені үшін атқаратын лауазымы үшін белгіленген бір саты жоғары сыныптық шен немесе әскери атақ бере алады.

36. Сыныптық шендер немесе әскери атақ берілген прокуратура органдарының қызметкерлері сол атақ-шенде өмір бойы болады.

Прокуратура органдарының беделін түсіретін теріс қылық жасағаны үшін немесе сот үкімі бойынша қызметкерлерді прокуратура органдарынан шығару кезінде оны сыныптық шенінен немесе әскери атағынан айыруды Бас прокурор жүргізуі мүмкін.

Прокуратура органдарының қызметкері қызметтік борышын өрескел бұзғаны немесе теріс мінез-құлық көрсеткені үшін оның сыныптық шені немесе әскер атағы бір сатыға төмендетілуі мүмкін.

Үлгілі тәртібі мен қызметке адал қатынасы кезінде прокуратура органдары қызметкерлерінің бұрынғы сыныптық шенін немесе әскери атағын қалпына келтіру, бірақ төмендетілген күнінен кемінде бір жыл өткен соң, атқаратын лауазымынан қарамастан, Бас прокуратураның құрылымдық бөлімшелері басшыларының, облыс прокурорларының ұсынысы бойынша жүргізілуі мүмкін.

Бұл ретте, кезекті сыныптық шен немесе әскери атақ беру үшін еңбек сіңірген мерзім үзіледі және қызметкердің бұрынғы сыныптық шені немесе әскери атағы қалпына келтірілген күннен бастап қайта жалғастырылады.

37. Прокуратура органдарына жұмысқа қабылданған және сыныптық шендер немесе әскери атақтар беруді көздейтін лауазымға тағайындалған адамдарға арнайы қызмет пен арнайы атақтың еңбек өтілі есепке алынып, бірақ осы Ереженің 30-тармағында көзделген тәртіппен атқаратын лауазымы үшін белгіленгеннен жоғары емес сыныптық шендер мен әскери атақтар беріледі.

Ерекше жағдайларда адамдарды басқа мемлекеттік органдардан қабылдап лауазымға тағайындау кезінде Бас прокурор осы лауазым үшін белгіленген, не бұрынғы қызмет орны бойынша берілген әскери (арнайы) атағын ескере отырып, сыныптық шен немесе әскери атақ беру үшін еңбек сіңірген жылдары мен прокуратура органдарында арнайы қызмет өтілін есепке алмай, сыныптық шен немесе әскери атақ беруі мүмкін.

38. Прокуратура органдарының алдына қойылған міндеттер мен функцияларды тікелей орындайтын прокуратура органдарының қызметкерлері қызметтік міндеттерін атқару барысында нысанды киімде болуға тиіс.

Нысанды киім мен айырым белгілерінің сипаттамасы, оларды кию ережелері мен онымен қамтамасыз ету нормалары осы Ережеге қосымшаға сәйкес айқындалады.

4-тарау. Прокуратура органдарындағы қызметті тоқтату тәртібі

39. Прокуратура органдарында қызметті тоқтату үшін мыналар негіз болып табылады:

- 1) өз қалауы бойынша жұмыстан босату туралы арыз беруі;
- 2) қызметкердің өзінің табысы мен мүліктері туралы көрінеу жалған мәліметтер беруі;
- 3) мемлекеттік қызметшілер үшін Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген міндеттер мен шектеулерді сақтамау;
- 4) соттың айыптау үкімінің заңды күшіне енуі;
- 5) Қазақстан Республикасының азаматтығын жоғалтуы;
- 6) аттестацияның теріс нәтижелері;
- 7) зейнеткерлік жасқа жетуі;
- 8) келісім-шарт мерзімінің аяқталуы немесе Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген негіздер бойынша оның бұзылуы;
- 9) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасауы;
 - 9-1) сыбайлас жемқорлық қылмыс жасаған адамды немесе сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасағаны үшін бұрын жұмыстан босатылған адамды жұмысқа қабылдауы;
 - 9-2) сыбайлас жемқорлық қылмыс жасағаны үшін ақталмайтын негіздер бойынша қылмыстық істі тоқтатуы;
- 10) қызметкердің қайтыс болуы;
- 11) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген өзге де негіздер.

Қызметкерді прокуратура органдарынан жұмыстан босату оны қызметке қабылдауға құқық берілген лауазымды адамның бұйрығымен жүргізіледі.

Ескерту. 39-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Президентінің 2010.09.12 N 1061 Жарлығымен.

40. Прокуратура органдарында қызметте болудың шекті (зейнеткерлік) жасы ерлер үшін - 63 жыл, әйелдер үшін - 58 жас. Көрсетілген жасқа толған кезде тараптардың өзара келісімі бойынша мерзімді еңбек (келісім-шарт) шартын жасасу арқылы қызметінде болу мерзімі бір жылға ұзартыла алынады.

41. Қызметтен босатылғаны, басқа лауазымға ауыстырылғаны, сыныптық шенінен немесе әскери атағынан айырылғаны заңда белгіленген тәртіпте заңсыз деп танылған прокуратура органдарының қызметкері бұрынғы лауазымы мен сыныптық шенін немесе әскери атағын қалпына келтіруге не оның келісімі бойынша тең дәрежелі лауазымға тағайындалуға жатады.

Бұрынғы лауазымы қайта қалпына келтірілген прокуратура органдары

қызметкерлерінің жұмысқа шықпауға мәжбүр болған уақыты еңбек сіңірген жылдары үшін қосымша ақы төлеуді есептеуге құқық беретін өтіліне және кезекті сыныптық шен немесе әскери атақ беру мерзіміне саналып қосылады.

5-тарау. Материалдық және әлеуметтік қамтамасыз ету

42. Прокуратура органдарын қаржыландыру республикалық бюджет қаражатының есебінен жүргізіледі.

43. Прокуратура органдары қызметкерлерін тұрғын үймен қамтамасыз ету Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

44. Прокуратура органдарының қызметкері қызметтік міндеттерін орындау кезінде қаза тапқан жағдайда қаза тапқан адамның отбасының ол қаза тапқан күннен бастап бір жылдан кешіктірілмей, заңнамада белгіленген шарттар мен тәртіпте мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын алаң алуға құқығы бар.

45. Прокуратура органының қызметкері қызметтік міндеттерін атқару кезінде немесе қызметтен босағаннан кейін бір жыл ішінде қызметтік міндетін атқару кезінде болған мертігудің немесе жарақаттың салдарынан қаза тапқан (қайтыс болған) жағдайда оның асырауындағы адамдар мен мұрагерлеріне Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен соңғы атқарған лауазымы бойынша алпыс айлық ақшалай қаражат мөлшерінде бір жолғы өтемақы төленеді .

Осы баппен көзделген бір жолғы өтемақыны есептеу үшін қолданылатын ақшалай қаражат лауазымдық айлық ақыдан және сыныптық шені үшін (әскери атағы бойынша) қосымша ақыдан (айлықақыдан) тұрады.

46. Прокуратура органдарының қызметкерлері және олардың отбасы мүшелері Республика Үкіметі белгілеген тәртіпте медициналық қызметті пайдаланады.

47. Қызмет бабымен Қазақстанның бір аймағынан басқа аймағына ауыстырылған прокуратура органдарының қызметкерлеріне және олардың отбасы мүшелеріне :

темір жолмен жүрудің құнын - купе вагонының тарифы бойынша, тас және кара жолдарда - сол жергілікті орындарда көлікпен жүрудің құнына сәйкес құнын ;

мүлікті тасымалдау құнын қоса алғанда, көшіп-қону бойынша шығыстар төленеді.

48. Қызметкерлерге еңбекақы төлеу Қазақстан Республикасының Президенті бекітетін мемлекеттік бюджет есебінен қамтылатын Қазақстан Республикасы прокуратура органдарының қызметкерлеріне еңбекақы төлеудің бірыңғай жүйесі негізінде белгіленеді.

Қазақстан Республикасы
Президентінің
2008 жылғы 20 мамырдағы
№ 595 Жарлығымен
бекітілген

Қазақстан Республикасының
прокуратура органдарында
қызмет өткеру туралы ережеге
ҚОСЫМША

Нысанды киімнің сипаттамасы, айырым белгілері, нысанды киімді кию және онымен қамтамасыз ету нормасы 1-тарау. Нысанды киім сипаттамасын беру кезінде пайдаланылатын ұғымдар

Осы қосымшада мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

нысанды киім - прокуратура органдарының қызметкерлеріне киюге арналған, сипаттамаға сәйкес ерекшелік белгілері бойынша бірізділенген киім түрлері мен айырым белгілерінің жиынтығы;

ерекшелік белгілері - прокуратура органдарының қызметкерлері марапатталатын мемлекеттік және ведомстволық наградалар, омырау белгілері;

айырым белгілері - прокуратура органдары қызметкерлерінің ведомстволық қатыстылығы мен жеке сыныптық шендерін көрсететін нысанды киім жабдықтарының элементтері (эмблемалар, погондар, жең белгісі).

Нысанды киім салтанатты-шығу, күнделікті, жазғы және қысқы болып бөлінеді.

2-тарау. Жалпы ережелер

Салтанатты-шығу нысанды киімі, әдетте, алқаның кеңейтілген мәжілістерін, мейрамдарды және өзге де салтанатты іс-шараларды өткізу кезінде киюге арналған.

Пальто, астары жылы куртка, плащ, китель, куртка, шалбар (юбка) киім өлшемдеріне сәйкес не тіктіру сомасын төлеу арқылы мата күйінде беріледі.

Жейделер, бас киімдер, кашне, қолғап, галстук, аяқ киім дайын күйінде беріледі.

Әскери прокуратура органдары қызметкерлерінің нысанды киімі, оны киіп жүрудің ережелері әскери қызметшілермен бірдей белгіленеді, бірақ олардың погондары мен жағаларына прокуратура органдарының эмблемасы тағылады.

3-тарау. Жоғары құрамдағы сыныптық шені бар тұлғаларға арналған нысанды киімнің жиынтығы

1. Салтанатты шығу нысанды киімі:

жазғы: ақ түсті салтанатты-шығу фуражкасы (әйелдерде - берет); ақ түсті китель, қара көк түсті сыртқа шығарылған шалбар (юбка); ақ түсті қысқа және ұзын жеңді жейде; қара түсті галстук; қара түсті былғары туфли;

қысқы: сұр түсті қаракөл папаха, (әйелдерде кубанка-малақай); сұр түсті қаракөл жағасы бар сұр түсті қос өңірлі пальто; қара сұр түсті астарлы жылы күртке (тек ерлер үшін); қара сұр түсті плащ; қара көк түсті китель, сыртқа шығарылған шалбар (юбка); ақ түсті ұзын жеңді жейде; қара түсті галстук; қара түсті былғары етік (тері салынған); тері салынған қара түсті былғары қолғап; ақ түсті жібек кашне.

2. Күнделікті нысанды киім:

жазғы: қара көк түсті фуражка (әйелдерде - берет); қара көк түсті китель, куртка, сыртқа шығарылған шалбар; көгілдір түсті қысқа және ұзын жеңді жейде; қара түсті галстук; қара түсті былғары туфли;

қысқы: сұр түсті қаракөл папаха, (әйелдерде кубанка-малақай); сұр түсті қаракөл жағасы бар екі жаққа қаусырмалы сұр түсті пальто; қара сұр түсті астары жылы куртка (тек ерлер үшін); қара сұр түсті плащ; қара көк түсті китель, сыртқа шығарылған шалбар (юбка); көгілдір түсті ұзын жеңді жейде; қара түсті галстук; қара түсті былғары етік (тері салынған); қара түсті былғары қолғап (тері салынған); сұр түсті жүн кашне.

4-тарау. Аға және кіші құрамдағы сыныптық шендері бар тұлғаларға арналған нысанды киімнің жиынтығы

3. Салтанатты-шығу нысанды киімі:

жазғы: қара көк түсті фуражка (әйелдерде - берет); қара көк түсті китель, сыртқа шығарылған шалбар (юбка); ақ түсті қысқа және ұзын жеңді жейде; қара түсті галстук; қара түсті былғары туфли;

қысқы: сұр түсті қаракөл папаха (әйелдерге кубанка-малақай), (аға заң кеңесшісі сыныптық шені бар тұлғалар үшін) сұр түсті цигейка құлақшын (әйелдерде - кубанка-малақай); сұр түсті қаракөл (аға заң кеңесшісі сыныптық шені бар тұлғалар үшін) және цигейка жағасы бар сұр түсті пальто; қара сұр түсті жылы куртка (тек ерлер үшін); қара сұр түсті плащ; қара көк түсті китель, сыртқа шығарылған шалбар (юбка); ақ түсті ұзын жеңді жейде; қара түсті галстук; қара түсті былғары етік (тері салынған); қара түсті қолғап; сұр түсті жүн кашне.

4. Күнделікті нысанды киім:

жазғы: қара көк түсті фуражка (әйелдерде - берет); қара көк түсті китель, сыртқа шығарылған шалбар (юбка); көгілдір түсті қысқа және ұзын жеңді жейде; қара түсті галстук; қара түсті былғары туфли;

қысқы: сұр түсті қаракөл папах (әйелдерде кубанка-малақай) (аға заң кеңесшісі сыныптық шені бар тұлғалар үшін), сұр түсті цигейка құлақшын (әйелдерде кубанка-малақай); сұр түсті қаракөл (аға заң кеңесшісі сыныптық шені бар тұлғалар үшін) және цигейка жағасы бар сұр түсті пальто; қара сұр түсті астары жылы куртка (тек ерлер үшін); қара сұр түсті плащ; қара көк түсті китель, сыртқа шығарылған шалбар (юбка); көгілдір түсті ұзын жеңді жейде; қара түсті галстук; қара түсті былғары етік (тері салынған); қара түсті қолғап; сұр түсті жүн кашне.

5-тарау. Ерлердің нысанды киімінің сипаттамасы

5. Жоғары құрамдағы сыныптық шені бар тұлғаларға арналған салтанатты-шығу және күнделікті китель мен шалбар.

Жоғары құрамдағы тұлғаларға арналған қос өңірлі, жартылай қынамалы пішінді, ақ түсті, орталық өңірден нысанды үлкен үш түймемен түймеленетін және имитациялы нысанды үш түймесі бар ерлер кителі (салтанатты).

Бүйірі қиылған қапталды және ойылып салынған рамкалы клапанды екі жаң қ а л т а с ы б а р .

Арқа тұсының ортаңғы тігісі төменгі жағында шлицаға ұласады.

Қондырмалы қайырма жағалы, лацканы классикалық ағылшын пішімді, оның е н і 7 с м б о л а д ы .

Жеңі жапсыра тігілген, қос тігісті, жалғап тігілген манжеталары бар. Сол жең і н е ш е в р о н т і г і л г е н .

Жағасының шет қырлары мен манжеталарының жалғаған тігісі бойымен көгілдір және алтын түсті оқалармен көмкерілген. Манжеталарын айнала ені 10 мм. алтын түсті жіппен лавр жапырақтары жиектеген, манжеталарында нысанды үш кішкене түйме тағылған. Жағасының екі жағының төменгі бөлігі алтын түсті кестемен салынған лавр жапырағының өрілген бұтағымен көмкерілген.

Күнделікті ерлер кителінің пішімі салтанатты кительге ұқсас. Айырмашылығы - түсінде, күнделікті китель қара көк түсті китель матасынан тігіледі, сондай-ақ күнделікті китель жағасының екі жағының төменгі бөлігіне алтын түсті жіптен лавр жапырағының бұтағы кестеленеді.

Шалбары тік пішінді, түсі қара көк. Екі жақ сыртқы тігісінің бойымен ені 2,5 мм. көгілдір түсті оқамен жиектеледі және оқадан 0,5 см. қашықтықта екі жағынан шалбардың бүкіл ұзындығына ені 22 мм. көгілдір түсті лампастар

жүргізіледі. Шалбардың оң жақ артқы бөлігіне ойып салынған рамкалы клапанды қалта тігіледі. Шалбардың алдыңғы жақ бөліктеріне жан қалталар тігіледі. Шалбардың алды молния сырғытпамен бекітіледі.

Белі сырылып тігілген, түймемен түймеленеді. Қыйылған тігістерінің ені 1 см. Өңдеген тігістерінің ені 0,2 см.

6. Аға құрамдағы сыныптық шені бар тұлғаларға арналған китель мен шалбар

Қос өңірлі, жартылай қынамалы пішінді, орталық өңірден нысанды үлкен үш түймемен түймеленетін және имитациялы нысанды үлкен үш түймесі бар ерлер к и т е л і .

Бүйірі қиылған қапталды, сол жақ өңірінде имитациялы ойылып салынған жапырақшалы бір төс қалта мен ойылып салынған рамкалы клапанды екі жан қ а л т а с ы б а р .

Арқа тұсының ортаңғы тігісі төменгі жағында шлицаға ұласады.

Қондырмалы қайырма жағалы, лацканы классикалық ағылшын пішімді, оның е н і 6 - 6 , 5 с м болады .

Жеңі жапсыра тігілген, қос тігісті, жалғап тігілген манжеталары бар. Сол жеңіне шеврон тігілген. Манжеталарында нысанды үш кішкене түйме тағылған.

Жағасының шет қырлары мен манжеталарының жалғаған тігісі бойымен 2,5 мм. көгілдір түсті оқамен көмкерілген. Кительдің астарына жапырақшалы екі төс қ а л т а т і г і л г е н .

Шалбары тік пішінді, қара көк түсті. Екі жақ сыртқы тігісінің бойымен ені 2,5 мм. көгілдір түсті оқамен жиектеледі. Шалбардың оң жақ артқы бөлігіне рамкалы артқы тілік қақпақты қалта тігіледі. Шалбардың алдыңғы жақ бөліктеріне жан қалталар тігіледі. Шалбардың алды молния сырғытпамен б е к і т і л е д і .

Белі сырылып тігілген, түймемен түймеленеді. Қайылған тігістерінің ені 1 см. Өңдеген тігістерінің ені 0,2 см.

7. Кіші құрамдағы сыныптық шені бар тұлғаларға арналған китель мен ш а л б а р :

ілме өңірлі, жартылай қынамалы пішінді орталық өңірден нысанды үлкен үш түймемен түймеленетін ерлер к и т е л і .

Бүйірі қиылған қапталды, сол жақ өңірінде имитациялы ойылып салынған жапырақшалы бір төс қалта мен ойылып салынған рамкалы клапанды екі жан қ а л т а с ы б а р .

Арқа тұсының ортаңғы тігісі төменгі жағында шлицаға ұласады.

Қондырмалы қайырма жағалы, кительдің лацканы классикалық ағылшын пішімді, оның ені 6-6,5 см болады.

Жеңі жапсыра тігілген, қос тігісті, жалғап тігілген манжеталары бар. Сол

жеңіне шеврон тігілген. Манжеталарында нысанды үш кішкене түйме тағылған.

Жағасының шет қырлары мен манжеталарының жалғаған тігісі бойымен ені 2,5 мм. көгілдір түсті оқамен көмкерілген. Кительдің астарына жапырақшалы екі төс қалта тігілген.

Шалбары тік пішінді. Екі жақ сыртқы тігісінің бойымен ені 2,5 мм. көгілдір түсті оқамен жиектеледі. Шалбардың оң жақ артқы бөлігіне ойып салынған рамкалы клапанды қалта тігіледі. Шалбардың алдыңғы жақ бөліктеріне жан қалталар тігіледі. Шалбардың алды молния сырғытпамен бекітіледі.

Белі сырылып тігілген түймемен түймеленеді. Қайылған тігістерінің ені 1 см. Өңдеген тігістерінің ені 0,2 см.

8. Нысанды костюм:

костюм курткадан және шалбардан тұрады.

Куртка тік пішінді, өңірі молния сырғытпамен бекітіледі.

Бүйірлері жалғап тігілген инішті, иніштің жалғап тігілген жерінде жапсырылып салынған клапанды төс қалталар мен ойылып салынған рамкалы екі жан қалтасы бар, олар молния сырғытпамен бекітіледі.

Қондырмалы қайырма жағалы.

Жеңі қос тігісті, жапсыра тігілген манжеталары және шынтақ тігісі бойымен тілігі бар.

Арқасында жалғап тігілген иніші және иніш жапсырылған тігіс бойымен екі жерден қаусырылған. Иығының тігістерінде ұстағыштар тігілген және жеңінің жалғап тігілген тігісінен 13 см. қашықтықта мойын тұсында 2 ілмек торланған, ілмектердің арасы 1,5 см., ұстағыштардың арасы - 5 см.

Куртканың төменгі жағында екі бүйірінде жалғап тігілген, төрт қатар резинкамен тартылған белдік болады. Манжеталары нысанды екі кішкене түймемен, ал клапандары бір түймемен түймеленеді.

Шалбары тік пішінді. Екі жақ сыртқы тігісінің бойымен ені 2,5 мм. көгілдір түсті оқамен жиектеледі. Шалбардың артқы жақ бөліктерінде бүрме тігістер салынған, ал оң жақ бөлігіне ойылып салынған рамкалы қалта тігіледі, ол күрмек ілгекпен бір түймемен түймеленеді. Шалбардың алдыңғы жақ бөліктеріне екі жан қалта тігіледі. Шалбардың алды молния сырғытпамен бекітіледі.

Белі сырылып тігілген, түймемен түймеленеді. Қайылған тігістерінің ені 1 см. Өңдеген тігістерінің ені 0,2 см. Түсі қара-көк.

9. Астары жылы куртка:

тік пішінді, су өтпейтін қара сұр түсті матадан тігілген, орталық өңірден молния сырғытпамен бекітілетін және "вилькроға" бекітілетін жапсырма өңір жиекті ерлер курткасы.

Бүйірлерінде жалғап тігілген иық иніші және ойылып салынған жапырақшалы екі жан қалтасы бар.

Арқасында жалғап тігілген иық иніштері бар.

Қондырмалы қайырма жағалы.

Жеңі сырылған қос тігісті, төменгі жағына белдікше тігілген, оның бос ұшы нысанды үлкен түймеге түймеленеді. Сол жеңіне шеврон тігілген.

Астарының бір қабаты мақтадан, бір қабаты синтепоннан, жалғана тігілген.

1 0 . П л а щ :

тік пішінді, су өтпейтін қара сұр түсті матадан тігілген, астары бар, жасырын өңірлі, төрт түймеге түймеленетін ерлер плащы.

Бүйірлерінде ойылып салынған жапырақшалы жан қалтасы бар.

Арқа тұсының ортаңғы тігісі төменгі жағында шлицаға ұласады.

Жеңі жапсыра тігілген, қос тігісті, жеңінің төменгі жағына белдікше тігілген, оның бос ұшы нысанды үлкен түймеге түймеленеді.

Сол жеңіне шеврон тігілген. Белдігі алмалы-салмалы, тоғаға буылады.

Қондырмалы қайырма жағалы, лацканы классикалық ағылшын пішімді. Астары жалғана, төменгі жағы бос тігілген. Плащтың өңірінен етегіне дейінгі аралық 40-42 см.

1 1 . Қ ы с қ ы п а л ь т о :

қос өңірлі (жоғары құрамдағы сыныптық шені бар тұлғалар үшін), қара сұр түсті драптан тігілген, жартылай қынамалы пішінді, орталық өңірден төрт түймемен түймеленетін және имитациялы нысанды төрт түймесі бар ерлер п а л ь т о с ы .

Ілме өңірлі, жартылай қынамалы пішінді, орталық өңірден кесіліп тігілген төрт ілгекке нысанды төрт түймемен түймеленетін ерлер пальтосы. Арқасы қиылған қапталды, ортаңғы тігісі төменгі жағында шлицаға ұласады.

Бүйірлерінде ойылып салынған рамкалы клапанды жан қалталары бар.

Жеңі жапсыра тігілген, қос тігісті, манжеталары бар, олар ені 2,5 мм. көгілдір оқамен көмкерілген. Сол жеңіне шеврон тігілген. Манжеталарына нысанды үш к і ш к е н е т ү й м е т а ғ ы л ғ а н .

Сұр түсті теріден салынған, қондырмалы қайырма жағалы, лацканы классикалық ағылшын пішімді (жоғары құрамдағы және аға заң кеңесшісі сыныптық шені бар тұлғаларға - сұр түсті қаракөл жаға, ал басқалары үшін сұр түсті цигейка жаға). Өңірінен етегіне дейінгі аралық 40-42 см.

Астары мақтадан жасалып, жалғана тігілген. Қайылған тігістерінің ені 1-2 см. Өңдеген тігістерінің ені 1,5 см.

12. Жейделер:

1) ұ з ы н ж е ң д і ж е й д е :

тік пішінді, орталық өңірден түймелермен түймеленеді және клапанды екі жапсырма төс қалтасы бар. Жейденің төменгі жағында бүйір тігістері төрт қатар резинкамен тартылып, жалғана тігілген белдік.

Қондырмалы қайырма жағалы, тіктеп жалғанған.

Жеңі жапсыра тігілген, қос тігісті, шынтақ тігістері шлицамен өңделген, жеңінің төменгі жағына түймелермен түймеленетін манжеталар жалғана тігілген. Арқасында жалғана тігілген қос қабатты иніші бар, иніш тігілген тігіс бойымен екі жерден қаусырылған. Иығының тігістерінде 2 ұстағыш тігілген және жеңі жапсыра тігілген тігістен 13 см. жерде мойын тұсында 2 ілмек торланған, ілмектердің арасы 1,5 см., ұстағыштардың арасы - 5 см.

Өңдеген тігістерінің ені шетінен 0,2 см. Қайылған тігістерінің ені 1 см. Ақ, көгілдір түсті.

2) қ ы с қ а ж е н д і ж е й д е :

тік пішінді, орталық өңірден түймелермен түймеленеді және клапанды екі жапсырма төс қалтасы бар. Жейденің төменгі жағында бүйір тігістері төрт қатар резинкамен тартылып, сырып тігілген белдік.

Қондырмалы қайырма жағалы, лацканы бар, тіктеп жалғанған.

Жеңі қысқа, сырылған қос тігісті, жеңінің төменгі жағына имитациялы манжеталар салынған. Арқасында жалғана тігілген қос қабатты иніші бар, иніш тігілген тігіс бойымен екі жерден қаусырылған. Иығының тігістерінде ұстағыштар тігілген және жеңі жапсыра тігілген тігістен 13 см. жерде мойын тұсында 2 ілмек торланған, ілмектердің арасы 1,5 см., ұстағыштардың арасы - 5 см.

Өңдеген тігістерінің ені шетінен 0,2 см. Қайылған тігістерінің ені 1 см. Ақ түсті.

6-тарау. Әйелдердің нысанды киімінің сипаттамасы

13. Жоғары құрамдағы сыныптық шені бар тұлғаларға арналған салтанатты-шығу және күнделікті китель мен юбка.

Жоғары құрамдағы тұлғаларға арналған қос өңірлі, ақ түсті, жартылай қынамалы пішінді, орталық өңірден нысанды үлкен үш түймемен түймеленетін және имитациялы нысанды үш түймесі бар әйелдер кителі (салтанатты). Китель мен юбканың астары бар.

Бүйірі қиылған қапталды және ойылып салынған рамкалы клапанды екі жан қалтасы бар.

Арқа тұсының ортаңғы тігісі бар. Қондырмалы қайырма жағалы, лацканы классикалық ағылшын пішімді, оның ені 7 см болады.

Жеңі жапсыра тігілген, қос тігісті, жалғап тігілген манжеталары бар. Сол жеңіне шеврон тігілген.

Жағасының шет қырлары мен манжеталарының жалғаған тігісі бойымен көгілдір және алтын түсті оқалармен көмкерілген. Манжеталарын айнала ені 10

мм. алтын түсті тігіспен лавр жапырақтары жиектелген. Манжетталарында нысанды үш кішкене түйме тағылған. Жағасының екі жағының төменгі бөлігі алтын түсті кестемен салынған лавр жапырағының өрілген бұтағымен көмкерілген.

Әйелдердің күнделікті кителінің пішімі салтанатты кительге ұқсас. Айырмашылығы - түсінде, күнделікті китель қара көк түсті китель матасынан тігіледі, сондай-ақ күнделікті китель жағасының екі жағының төменгі бөлігіне алтын түсті жіптен лавр жапырағының бұтағы кестеленеді.

Юбка тік пішінді. Юбканың артқы және алдыңғы жақтарындағы тігістер сырмаланып өңделген. Юбканың артқы жағының ортаңғы тігісі шлицаға ұласады. Артқы жағының орталық тігісіне молния сырғытпа салынған.

Белі сырылып тігілген, түймемен түймеленеді. Қайылған тігістерінің ені 1 см. Өңдеген тігістерінің ені 0,2 см.

14. Аға құрамдағы сыныптық шені бар тұлғаларға арналған китель мен юбка.

Қос өңірлі, жартылай қынамалы пішінді, орталық өңірден нысанды үлкен үш түймемен түймеленетін және имитациялы нысанды үлкен үш түймесі бар әйелдер кителі. Китель мен юбканың астары бар.

Бүйірі қиылған қапталды және ойылып салынған рамкалы клапанды екі жан қалтасы бар.

Арқа тұсының ортаңғы тігісі бар. Қондырмалы қайырма жағалы, лацканы классикалық ағылшын пішімді, оның ені 6-6,5 см.

Жеңі жапсыра тігілген, қос тігісті, жалғап тігілген манжеталары бар. Сол жеңіне шеврон тігілген. Манжеталарында нысанды үш кішкене түйме тағылған.

Жағасының шет қырлары мен манжеталарының жалғаған тігісі бойымен ені 2,5 мм. көгілдір түсті оқамен көмкерілген.

Юбка тік пішінді. Юбканың артқы және алдыңғы жақтарындағы тігістер сырмаланып өңделген. Юбканың артқы жағының ортаңғы тігісі шлицаға ұласады. Артқы жағының орталық тігісіне молния сырғытпа салынған.

Белі сырылып тігілген, түймемен түймеленеді. Қайылған тігістерінің ені 1 см. Өңдеген тігістерінің ені 0,2 см.

15. Кіші құрамдағы сыныптық шені бар тұлғаларға арналған китель мен юбка.

Ілме өңірлі, жартылай қынамалы пішінді, орталық өңірден нысанды үлкен үш түймемен түймеленетін китель. Китель мен юбканың астары бар.

Бүйірі қиылған қапталды және ойылып салынған рамкалы клапанды екі жан қалтасы бар.

Арқа тұсының ортаңғы тігісі бар. Қондырмалы қайырма жағалы, лацканы классикалық ағылшын пішімді, оның ені 6-6,5 см.

Жеңі жапсыра тігілген, қос тігісті, жалғап тігілген манжеталары бар. Сол

жеңіне шеврон тігілген. Манжеталарында нысанды үш кішкене түйме тағылған.

Жағасының шет қырлары мен манжеталарының жалғаған тігісі бойымен ені 2,5 мм көгілдір түсті оқамен көмкерілген.

Юбка тік пішінді. Юбканың артқы және алдыңғы жақтарындағы тігістер сырмаланып өңделген. Юбканың артқы жағының ортаңғы тігісі шлицаға ұласады. Артқы жағының орталық тігісіне молния сырғытпа салынған.

Белі сырылып тігілген, түймемен түймеленеді. Қайылған тігістерінің ені 1 см. Өңдеген тігістерінің ені 0,2 см.

16. Нысанды костюм :

костюм қара көк түсті курткадан және шалбардан тұрады. Куртка тік пішінді, өңірінен молния сырғытпамен бекітіледі.

Бүйірлеріне жалғана тігілген иніші бар, иніштің жалғап тігілген тігісінде жапсырылып салынған клапанды төс қалталар және молния сырғытпамен бекітілетін ойылып салынған рамкалы екі жан қалтасы бар. Бүйірлерінде қапталдық өңірлік тігістер салынған.

Қайырмалы қондырма жағалы.

Жеңі жапсыра тігілген, қос тігісті, жалғап тігілген манжеталары және шынтақ тігісі бойымен тілігі бар.

Арқасына жалғана тігілген иніші бар және иніш жалғанған тігіс бойымен екі жерден қаусырылған. Иығының тігістерінде ұстағыштар тігілген және жеңінің жапсыра тігілген тігісінен 13 см жерде мойынның тұсында 2 ілмек торланған, ілмектердің арасы 1,5 см., ұстағыштардың арасы - 5 см.

Куртканың төменгі жағында екі бүйірінде сырылып тігілген, төрт қатар резинкамен тартылған белдік болады.

Манжеталары нысанды екі кішкене түймемен, ал клапандар бір түймемен түймеленеді.

Шалбары қара көк түсті, тік пішінді. Екі жақ сыртқы тігісінің бойымен ені 2,5 мм. көгілдір түсті оқамен жиектеледі. Артқы жақ бөліктеріне бүрме тігіс салынады. Шалбардың алды молния сырғытпамен бекітіледі.

Белі сырылып тігілген, түймемен түймеленеді. Қайылған тігістерінің ені 1 см. Өңдеген тігістерінің ені 0,2 см.

17. Плащ :

ілме өңірлі, тік пішінді, су өтпейтін қара сұр түсті матадан тігілген, астары бар, өңірінен жасырынды төрт түймемен түймеленетін әйелдер плащы.

Бүйірлері қиылған қапталды және ойылып салынған жапырақшалы жан қалталары бар.

Арқа тұсының ортаңғы тігісі төменгі жағында шлицаға ұласады.

Жеңі жапсыра тігілген, қос тігісті, жеңінің төменгі жағына белдікше тігілген, оның бос ұшы нысанды бір үлкен түймеге түймеленеді. Сол жеңіне шеврон

т і г і л г е н .

Қондырмалы қайырма жағалы, лацкандары бар.

Астары синтепонмен сырылып, жалғана, бұйымның төменгі жағы бос тігілген.

Плащтың өңірінен етегіне дейінгі аралық 40-42 см.

Қайылған тігістерінің ені 1 см.

18 . Қ ы с қ ы п а л ь т о :

сұр түсті, ілме өңірлі, жартылай қынамалы пішінді, орталық өңірден жасырынды төрт түймемен мойынға дейін түймеленетін және кесіп тігілген бір ілмекке нысанды үлкен түймемен түймеленетін әйелдер пальтосы.

Арқа тұсы қиылған қапталды және ортаңғы тігісі төменгі жағында шлицаға ұ л а с а д ы .

Бүйірлері қиылған қапталды және ойылып салынған жапырақшалы жан қ а л т а л а р ы б а р .

Жеңі жапсыра тігілген, қос тігісті, манжеталары бар, олар ені 2,5 мм. көгілдір түсті оқамен көмкерілген. Сол жеңіне шеврон тігілген. Манжеталарына нысанды ү ш к і ш к е н е т ү й м е т а ғ ы л ғ а н .

Қондырмалы қайырма жағалы. Жоғарғы құрамдағы және/немесе аға заң кеңесшісі сыныптық шені бар әйелдер үшін сұр түсті қаракөл жаға, ал қалғандары үшін сұр түсті цигейка жаға салынады.

Астары мақтадан жасалынған, сырылып, жалғана тігілген. Пальтонның өңірінен етегіне дейінгі аралық 40-42 см.

Қайылған тігістерінің ені 1 см.

19. Жейделер.

1) ұ з ы н ж е н д і ж е й д е :

тік пішінді, орталық өңірден түймелермен түймеленеді, клапанды екі жапсырма төс қалта және бүйірге қарай кеуделік тігістер салынған жейде. Жейденің төменгі жағында жалғана тігілген бүйір тігістері бойымен төрт қатар резинкамен тартылып, сырып тігілген белдік.

Қондырмалы қайырма жағалы, тіктеп жалғанған.

Жеңі жапсыра тігілген, қос тігісті, шынтақ тігістері бойымен шлицамен өңделген, жеңінің төменгі жағына түймелермен түймеленетін манжеталар ж а л ғ а н ғ а н .

Арқасында жалғана тігілген қос қабатты иніш бар, иніш жалғанған тігіс бойымен екі жерден қаусырылған. Иығының тігістерінде ұстағыштар тігілген және жеңінің жапсыра тігілген тігісінен 13 см. жерде мойын тұсында 2 ілмек торланған, ілмектердің арасы 1,5 см., ұстағыштардың арасы - 5 см.

Өндеген тігістерінің ені шетінен 0,2 см. Қайылған тігістерінің ені 1 см. Ақ, көгілдір түсті.

2) қысқа жеңді жейде :

тік пішінді, орталық өңірден, түймелермен түймеленеді, клапанды екі жапсырма төс қалта және бүйірге қарай кеуделік тігістер салынған жейде. Жейденің төменгі жағына жалғана тігілген бүйір тігістері бойымен төрт қатар резинкамен тартылып, сырып тігілген белдік.

Қондырмалы қайырма жағалы, лацкандары бар, тіктеп жалғанған.

Жеңі қысқа, жапсыра тігілген, қос тігісті, жеңінің төменгі жағына имитациялы манжеталар салынған.

Арқасында жалғана тігілген қос қабатты иніш жалғанған тігіс бойымен екі жерден қаусырылған. Иығының тігістерінде ұстағыштар тігілген және жеңінің жалғап тұратын тігісінен 13 см. қашықтықта мойын тұсында 2 ілмек торланған, ілмектердің арасы 1,5 см, ұстағыштардың арасы - 5 см.

Өңдеген тігістерінің ені шетінен 0,2 см. Қайылған тігістерінің ені 1 см. Ақ түсті.

7-тарау. Нысанды киімнің жекелеген нәрселері

20 . Г а л с т у к :

қара түсті жібек галстуктің созылған трапеция тәрізді негізгі бөлігі тік бұрыш болып аяқталады.

21. Бас киімдер:

1) ф у р а ж к а :

қара көк түсті кительдік матадан тігілген, киетін шеңбері қара түсті, киетін шеңбері мен төбесі бойымен көгілдір түсті көмкерме жүргізілген, киетін шеңберіне нысанды екі кішкене түймеге екі қабаттап өрілген филигран бау қадалған фуражка. Күнқағары қара, лакталған.

Жоғары құрамдағы сыныптық шені бар тұлғалар үшін күнқағарының үстіңгі жағында, киетін шеңберінде алтындалған филигран баудан басқа, симметриялы орналасқан екі емен бұтағы түріндегі алтындап кестеленген әшекей болады. Фуражканың күнқағарында күнқағардың төменгі жиегі бойымен екі емен бұтағынан тұратын кесте салынады.

Жоғары құрамдағы сыныптық шені бар тұлғалар үшін жазғы кительге сәйкес қосымша аталған пішімді ақ түсті жазғы фуражка беріледі.

Әйелдерге фуражканың орнына кительдің түсіндей берет беріледі;

2) п а п а х а :

сұр қаракөлден тігілген, қиық конус тәрізді киетін шеңберден және қалпақтан тұратын папаха. Киетін шеңбері сұр түсті таза қаракөлден тігіледі. Төрт үшкілді қалпақ сұр түсті шұғадан тігіледі. Қалпақтың жоғарғы жақ тігісіне ені 5-6 мм. көгілдір түсті галун айкастырыла тігіледі.

Папаханың алдыңғы жағына киетін шеңберінің ортасына кокарда тағылады.

Папаха жоғары құрамдағы және аға әділет кеңесшісі сыныптық шені бар тұлғаларға беріледі, әйелдер үшін папаханың орнына сұр түсті қаракөлден тігілген кубанка бөрік беріледі.

3) қ ұ л а қ ш ы н :

сұр түсті цигейкадан тігілген құлақшын аға (аға әділет кеңесшісін қоспағанда) және кіші құрамдағы сыныптық шені бар тұлғаларға беріледі. Әйелдер үшін сұр цигейкадан тігілетін кубанка бөрігі беріледі.

Бөріктің алдыңғы жағының ортасына кокарда тағылады.

22. Былғары (тері салынған) қара түсті қолғап.

23. Сұр түсті жүн және ақ түсті жібек кашне.

24 . А я қ к и і м :

1) қысқы былғары етік (тері салынған) қара түсті, ерлер үшін қысқа қонышты, әйелдер үшін ұзын қонышты болады. Қонышында молния сырғытпасы бар.

2) ерлердің қара түсті былғары туфлиі, әйелдер үшін былғары туфли, өкшесі биік емес, қара түсті.

Киіп жүруге рұқсат етіледі:

пальтоның орнына - астары жылы куртка;

кительдің орнына - куртка, әйелдер үшін курткамен бірге ерлердің шалбарына ұқсас, тік, балағы сыртқа шығарылған шалбар;

жазғы нысанды киім кигенде - кительсіз және курткасыз погондар мен галстук таққан ұзын жең жейде;

жазғы нысанды киім кигенде - кительсіз және курткасыз, жоғарғы түймесі ағытулы, галстуксыз, погондары бар қысқа жеңді жейде киюге рұқсат етіледі.

8-тарау. Айырым белгілерінің сипаттамасы

25 . Э м б л е м а :

ведомстволық эмблема - алтын түсті қалқаннан тұрады, оның артында ұшы төменге қаратылған айқасқан семсерлер орналасқан. Қалқанның жоғарғы алыс тұрған нүктелерінің арасы 15 мм., төменгілердің арасы - 10 мм. Қалқанда бедерлі пішін бейнеленген, ішкі және сыртқы пішіндерінің арасы 3 мм., пішіннің периметрі бойымен 8 нүкте орналасқан.

Эмблеманың көлемі биіктігі бойынша 25 мм. және ені бойынша 20 мм. Эмблема китель жағасының бұрыштарына бекітіледі.

Кіші эмблема алтын түсті металдан жасалған қалқаннан тұрады, оның артында ұшы төменге қаратылған айқасқан семсерлер орналасқан. Эмблеманың көлемі ені бойынша 12 мм., биіктігі бойынша 17 мм. құрайды.

2 6 . К о к а р д а :

эмблемалы кокарда дұрыс сегіз бұрышпен тұтастырылып алтын түсті алюминий қоспасынан дайындалады, оның ортасында Мемлекеттік Елтаңба көгілдір аяда бейнеленеді. Кокарда биіктігі бойынша созылған жартылай сопақша нысанда болады. Эмблемалы кокарданың көлемі биіктігі бойынша 40 мм. Артқы жағына металдан екі қадауыш дәнекерленген.

Фуражканың кокардасы астыңғы және екі жағынан симметриялы емен жапырақтарымен көмкеріледі. Көмкермемен қоса кокарданың көлемі биіктігі бойынша 40 мм., ені бойынша 70 мм. болады.

Кокарда фуражканың (береттің) ортасына немесе папаханың (малақайдын) киетін шеңберіне бекітіледі.

27. Нысанды түймелер дөңгелек, қадауышы бар, диаметрі 25 мм. және 15 мм., Мемлекеттік Елтаңбаның бейнесі бедерленген алтын түсті металдан жасалады.

2 8 . П о г о н д а р :

погондар, шұғадан төсем салынып, сұр күміс және ақшыл күміс түсті талшықтардан тоқылады және тігілетін, алмалы-салмалы, сондай-ақ күнделікті және салтанатты болып бөлінеді.

Тігілетін погондар пальтоға, астары жылы куртқаға, плащқа және кительге тағылады.

Алмалы-салмалы погондар куртқаға және жейделерге тағылады.

Аға және кіші құрамдағы тұлғалардың күнделікті погондары сұр күміс түсті және ақ жейделер үшін ақшыл күміс түсті болады.

Тігілетін погондар жоғарғы жағы қиғаш кесіліп, 16 және 18 см. екі параллель жағымен артқы жағында үшкір бұрыш, алдыңғы жағында доғал бұрыш жасайтын созылған төртбұрыш нысанда болады. Әйелдер погондардың параллель жақтарының ұзындығы тиісінше 14 және 16 см.

Алмалы-салмалы погондар ұзын жақтары өзара параллель созылған алтыбұрышты білдіреді, оның төменгі жағы тікбұрышты, ал жоғарғы жағы төменгі жиекке параллель кесілген доғал бұрышпен аяқталады. Погонның жоғарғы жағынан 12 мм. аралықта кішкене нысанды түйме үшін ойып жасалған тесігі бар. Погонның ұзындығы 15 см., ені - 5 см.

3-сыныпты мемлекеттік әділет кеңесшісінен бастап жоғары сыныпты мемлекеттік әділет кеңесшісіне дейін сыныптық шендері бар тұлғалардың күнделікті погондары - күміс сұр түсті, салтанатты погондары - ақшыл қоңыр (сарғыш) түсті болып келеді.

Барлық погондардың ені - 6 см.

1. Жоғары құрамдағы сыныптық шендерінің погондары мен айырым белгілері

Шұға төсем салынып, күміс талшықтардан ерекше өріліп, тығыз тоқылады.

Погонның, төменгіден басқа, сыртқы жиектері ені 2 мм. көгілдір шұғамен көмкеріледі.

Одан басқа, алмалы-салмалы погондардың ішкі жиектері бүкіл айналымы бойынша ені 3 мм. алтындатылған оқамен көмкеріледі. Тігілетін погондардың жоғары жиектері оқамен көмкерілмейді.

Погонның төменгі бөлігінде оның ені бойынша алтындатылған жіппен қалықтаған қыран кестеленеді.

Алмалы-салмалы погондарда, бұған қоса жоғарғы жағында орталық сызық бойымен алтындалған жіппен ведомствалық эмблема тігіледі. Эмблеманың жоғарғы шетінен ортасына дейінгі аралық 35 мм.

2. Жоғары сыныпты мемлекеттік әділет кеңесшісінің погондары
Погонның бетінде диаметрі 30 мм. алтын жалатқан Қазақстан Республикасының Елтаңбасы, одан төмен диаметрі 30 мм. алтын жалатқан дөңес бес бұрышты жұлдыз кестеленеді. Жұлдыз қырларының арасынан әр жағынан бес-бестен сәуле кестеленеді. Погонның төменгі жиегінен жұлдыздың ортасына дейінгі қашықтық 45 мм., Елтаңба мен жұлдыз орталарының арасы 65 мм.

3. 1, 2 және 3-сыныпты мемлекеттік әділет кеңесшісінің погондары
1-сыныпты мемлекеттік әділет кеңесшісі погонының бетінде әрқайсысының диаметрі 25 мм. алтын жалатқан бес бұрышты 3 жұлдыз кестеленеді. Погонның төменгі жақ шетінен 10 мм. аралықта қалықтаған қыранның бейнесі кестеленеді. Жұлдыздар погонның бойымен орта сызығында орналасады. Погонның төменгі жақ шетінен 1-інші жұлдыздың ортасына дейінгі аралық 35 мм., ал жұлдыздардың орталарының арасы 25 мм. құрайды.

2-сыныпты мемлекеттік әділет кеңесшісі погонының бетінде әрқайсысының диаметрі 25 мм. алтын жалатқан дөңес бес бұрышты 2 жұлдыз кестеленеді. Погонның төменгі жақ шетінен 10 мм. аралықта қалықтаған қыранның бейнесі кестеленеді. Жұлдыздар погонның бойымен орта сызығында орналасады. Погонның төменгі жақ шетінен 1-інші жұлдыздың ортасына дейінгі аралық 45 мм., ал жұлдыздардың орталарының арасы 35 мм. құрайды.

3-сыныпты мемлекеттік әділет кеңесшісі погонының бетінде диаметрі 25 мм. алтын жалатқан дөңес бес бұрышты 1 жұлдыз кестеленеді. Погонның төменгі жақ шетінен 10 мм. аралықта қалықтаған қыранның бейнесі кестеленеді. Погонның төменгі жақ шетінен жұлдыздың ортасына дейінгі аралық 65 мм. құрайды.

4. Аға құрамдағы сыныптық шендерінің погондары мен айырым белгілері
Погонның төменгі бөлігі ені 15 мм. сары түсті ұлттық оюмен кестеленген, оның шектері және алмалы-салмалы погондардың барлық периметрі бойынша ені 3 мм. сары түсті оқамен көмкерілген. Тігілетін погондардың жоғары жиектері алтындатылған оқамен көмкерілмейді.

Төменгі шетінен басқа, погонның сыртқы шеттері ені 2 мм. көгілдір шұғамен ж и е к т е л г е н .

Погонның бетінде оюланған өрнектің ішкі шегінен бастап бір-біріне параллель орналасқан, әрқайсысының ені 3 мм. көгілдір түсті екі жолақ болады.

Аға әділет кеңесшісі погонының бетінде диаметрі 20 мм. алтын жалатқан бес бұрышты 3 жұлдыз бекітіледі. Екі жұлдыз жолақтарда, үшіншісі жоғары жақта жолақтардың ортасында орналасады. Погонның төменгі шетінен жолақтарда орналасқан жұлдыздардың ортасына дейінгі аралық 35 мм., осы жұлдыздардың ортасынан жолақтар ортасында орналасқан жұлдыздың ортасына дейінгі аралық 2 5 м м . б о л а д ы .

Әділет кеңесшісі погонының бетінде диаметрі 20 мм. алтын жалатқан бес бұрышты 2 жұлдыз бекітіледі. Жұлдыздар жолақтарда орналасады. Погонның төменгі шетінен жолақтарда орналасқан жұлдыздардың ортасына дейінгі аралық 3 5 м м . б о л а д ы .

Кіші әділет кеңесшісі погонының бетінде параллель жолақтардың ортасына диаметрі 20 мм. алтын жалатқан бес бұрышты 1 жұлдыз бекітіледі. Погонның төменгі шетінен жұлдыздың ортасына дейінгі аралық 60 мм. болады.

5. Кіші құрамдағы сыныптық шендерінің погондары мен айырым белгілері

Кіші құрамдағы сыныптық шендерінің погондары, жолақтардың санын, мөлшерін және жұлдыздардың орналасуын алмағанда, жоғары құрамдағы сыныптық шендерінің погондарына ұқсас.

Погонның бетінде оюланған өрнектің ішкі шегінен бастап ортасы бойымен ені 3 мм. көгілдір түсті бір жолақ болады.

1-сыныпты заңгердің погонының бетінде диаметрі 13 мм. алтындалған 4 жұлдыз бекітіледі. Екі жұлдыз жолақтың оң және сол жақтарында, екеуі жоғары, жолақтың үстінде орналасады. Погонның төменгі шетінен жолақтың оң және сол жақтарында орналасқан жұлдыздардың ортасына дейінгі аралық 30 мм., осы жұлдыздардың ортасынан жолақта орналасқан жұлдыздардың ортасына дейінгі а р а л ы қ 2 5 м м . қ ұ р а й д ы .

2-сыныпты заңгердің погонының бетінде диаметрі 13 мм. алтындалған 3 жұлдыз бекітіледі. Екі жұлдыз жолақтың оң және сол жақтарында, біреуі олардан жоғары, жолақтың үстінде орналасады. Погонның төменгі шетінен жолақтың оң және сол жақтарында орналасқан жұлдыздардың ортасына дейінгі аралық 30 мм., осы жұлдыздардың ортасынан жолақта орналасқан жұлдыздың ортасына дейінгі а р а л ы қ 2 5 м м . қ ұ р а й д ы .

3-сыныпты заңгердің погонының бетінде жолақтың оң және сол жақтарында диаметрі 13 мм. алтындалған 2 жұлдыз бекітіледі. Погонның төменгі шетінен жұлдыздардың ортасына дейінгі аралық 30 мм. құрайды.

Аға және кіші құрамның алмалы-салмалы погондарында нысанды кішкене

түйме қадауға арналған тілік болады, одан төмен - ведомстволық эмблема бекітіледі. Погонның жоғарғы шетінен эмблеманың ортасына дейінгі аралық 35 мм.

29. Жеңдік белгілер (шеvron):

жеңдік белгілер салынған кескіндер, мәтіндік жазбалар мен түр-түстер үйлесімінен тұратын стандартты тоқыма шеврон болып табылады.

Жеңдік белгілер прокуратура органдары қызметкерлерінің нысанды киімдерінің бір бөлігі болып табылады және кительдің, куртканың, плащтың және пальтоның сол жақ жеңдерінің сыртқы жағының жоғарғы нүктесінен 12 см. а р а л ы қ т а т і г і л е д і .

Қазақстан Республикасы прокуратура органдарының жеңдік белгілері қалқан нысанындағы матадан тоқылған шеврон болып табылады және ортаңғы бөлігінде өткір бұрышының біреуі жоғарыға қараған дұрыс сегізбұрыш бейнесінен тұрады. Сегізбұрыштың ішінде көгілдір аяда ені - 0,5 мм. алтын түсті жиекпен көмкерілген стандартты түрлі-түсті бейнеде Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы орналасқан. Сегізбұрыштың үстіңгі бөлігінде - "ҚАЗАҚСТАН" деген жазу, төменгі бөлігінде "ПРОКУРАТУРАСЫ" деген жазу бар. Шевронның сыртқы жақ шеті ені 2 мм. көгілдір түсті жиекпен көмкерілген. Одан басқа, ішкі жағы ені 5 мм. өрілген бидай масағы түріндегі жиекпен көмкерілген. Жеңдік белгінің бидай масағы түріндегі жиегінің, ондағы жазулар мен бейнелердің түсі алтындалған. Шевронның шеткі сызығы пальтоның, куртканың, плащтың және кительдің түсіне сәйкес келеді.

9-тарау. Нысанды киімнің жекелеген нәрселерін кию, тағу ережелері

30. Б а с к и і м д е р :

папаха мен беретті аздап оң жаққа қарай бұрып, құлақшын мен фуражканы тік, бұрмай, күнқағары қастың деңгейіне келетіндей, ал папаханың, құлақшын мен береттің төменгі жағы қастан 2-4 см жоғары болатындай етіп киеді.

31. Ж е й д е л е р , г а л с т у к т а р :

жейделер оң жаққа (әйелдер үшін сол жаққа) қарай барлық түймеге түймеленеді және китель немесе куртка киген кезде погондарсыз, галстукпен киіледі. Жейденің жағасы артқы жағынан кительдің, куртканың жоғарғы жиегімен бірдей деңгейде немесе одан 0,5 см.-ден жоғары емес болуы қажет. Погондары бар жейделерді кию ережелері жоғарыда баяндалған. Жейдеге галстук тағылады.

32. Наградалар және омырау белгілері:

мемлекеттік наградалар мен омырау белгілері кительге тағылады.

Мемлекеттік наградалар мен омырау белгілері нысанды киімге оларды киім киіп жүру ережелеріне сәйкес тағылады.

Қызметкерде екі немесе одан көп жоғары оқу орнын бітіргені туралы омырау белгілері болған жағдайда заң мамандығы бойынша бір ғана омырау белгісі тағылады.

Қызметкерде "Прокуратура озаты" омырау белгісінің 1-ші және 2-ші дәрежелері болса, омырау белгісінің жоғары, яғни 1-дәрежесін ғана тағады.

10-тарау. Нысанды киім берудің нормасы

Нысанды киіммен лауазым тізбесі бойынша сыныптық шендері мен киюге құқығы бар барлық қызметкерлер қамтамасыз етіледі.

Нысанды киімнің жекелеген нәрселері сыныптық шеніне қарай норма мен мерзім бойынша төменде келтірілген кестеге сәйкес беріледі.

Прокуратура органдарына қызметке алғаш қабылданған адамдарға нысанды киім оған сыныптық шен берілгені туралы бұйрық шыққаннан кейін, берілген сыныптық шені ескеріліп, қысқы киіммен қоса, толық көлемде беріледі.

Нысанды киім алу үшін қызметкердің өзі жұмыс істейтін құрылымдық бөлімше басшысының қолы қойылған, материалдық-техникалық бөлімше басшысының атына жазылған өтініші қажет.

Өтініште қызметкердің тегі, аты, әкесінің аты, лауазымы, өтініш берген уақыттағы сыныптық шені, қай мезгілге нысанды киім алатыны, сондай-ақ киімнің, бас киімнің және аяқ киімнің өлшемдері көрсетіледі. Егер жекеленген нәрселер алу қажет болса, оларды беру нормалары мен мерзімділігіне сәйкес нақ қ а й с ы с ы е к е н і к ө р с е т і л е д і .

Материалдық-техникалық қамтамасыз ету құрылымдық бөлімшесі белгіленген нормалар мен мерзімге, сондай-ақ киім мен аяқ киім өлшемдеріне сәйкес қызметкерлерге нысанды киім береді және оның берілуіне қатаң есеп жү р г і з е д і .

Әскери прокуратура қызметкерлеріне нысанды киім беру тәртібі мен нормасы және оларды пайдалану мерзімі әскери қызметшілермен бірдей белгіленеді.

Нысанды киім берудің нормалары мен мерзімінің кестесі

N р/т	Нысанды киім нәрселерінің атауы	Өлшем бірлігі	К і м г е беріледі	Б е р у нормасы	Б е р у мерзімі
1.	Қаракөл жағалы пальто	дана	жоғары құрамға, аға әділет кеңесшілеріне	1	4 жылда 1 рет

2.	Цигейка жағалы пальто	дана	аға әділет кеңесшілерін қоспағанда, аға және кіші құрамға	1	4 жылда 1 рет
3.	Күнделікті китель мен шалбар (юбка)	компл.	барлығына	1	2 жылда 1 рет
4.	Салтанатты китель мен шалбар (юбка)	дана	жоғары құрамға	1	2 жылда 1 рет
5.	Шалбары бар куртка	компл.	барлығына	1	2 жылда 1 рет
6.	Астары жылы куртка	дана	ерлерге	1	4 жылда 1 рет
7.	Плащ	дана	барлығына	1	4 жылда 1 рет
8.	Қысқа жеңді ақ жейде	дана	барлығына	2	жыл сайын
9.	Ұзын жеңді жейде	дана	барлығына	4 (2 көгілдір түсті және 2 ақ түсті)	жыл сайын
10.	Галстук	дана	барлығына	1	2 жылда 1 рет
11.	Кашне (ақ түсті)	дана	жоғары құрамға, аға әділет кеңесшілеріне	1	4 жылда 1 рет
12.	Кашне (сұр түсті)	дана	барлығына	1	4 жылда 1 рет
13.	Қолғап	жұп	барлығына	1	4 жылда 1 рет
14.	Ерлер (әйелдер) туфлиі	жұп	барлығына	1	2 жылда 1 рет
15.	Ерлер (әйелдер) етігі	жұп	барлығына	1	4 жылда 1 рет
16.	Ақ түсті фуражка	дана	жоғары құрамға (ерлерге)	1	2 жылда 1 рет
17.	Қара көк түсті фуражка	дана	барлығына (ерлерге)	1	2 жылда 1 рет
18.	Берет	дана	әйелдерге	1	2 жылда 1 рет
19.	Сұр түсті қаракөлден тігілген папаха (әйелдерге - кубанка-малақай)	дана	жоғары құрамға, аға әділет кеңесшілеріне	1	4 жылда 1 рет
20.	Цигейкадан тігілген құлақшын (әйелдерге - кубанка-малақай)	дана	аға және кіші құрамға	1	4 жылда 1 рет

2-ҚОСЫМША

Қазақстан Республикасы
Президентінің

2 0 0 8 ж ы л ғ ы 2 0 м а м ы р д а ғ ы
N 5 9 5 Ж а р л ы ғ ы м е н
БЕКІТІЛГЕН

**Қазақстан Республикасының прокуратура
органдары қызметкерлерінің
АНТЫ**

Өзімді Заңға қызмет етуге арнай отырып:
прокуратураның ел заңдарының бірыңғай және біркелкі қолданылуына
жоғары қадағалауды іске асыру, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын
қорғау жөніндегі конституциялық өкілеттіктерін адал орындауға және оның
беделін түсіретін әрекеттерге жол бермеуге салтанатты түрде ант етемін.

Өзім берген Анттың бұзылуы прокуратура қызметкерінің жоғары атағымен
келіспейтінін саналы түрде түсінемін.

Ант қабылдаған тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты қолы
" " жыл